

**«Арал» СЖКБД филиалы Шиелі ауданы «Көкшоқы» мөлтек
ауданының
Х А Т Т А М А С Ы**

Шиелі кенті

28 шілде 2022 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Шиелі ауданы Көкшоқы мөлтек ауданы сарқынды суды бұру қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2022 жылдың I-жарты жылдығы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: А. Сарсембаев - «Арал» СЖКБД филиалының өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Тыңдаудың төрағасы: Б. Бакишев - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директоры.

Хатшысы: Г. Есжанова.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

2. А. Есболова - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының бас есепшінің міндетін атқарушысы.

4. Т. Жағыпбаров - Шиелі аудандық мәслихат хатшысы.

5. Ғ. Аманжолов - Шиелі кенті әкімі.

6. Д. Аман - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы.

7. Ғ. Шалбаев - «Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің уақытша басшы міндетін атқарушы.

Тұрғындар: Көкшоқы мөлтек ауданынан - В. Ли, Т. Ким, А. Кеткина, Б. Сорокин, Қ. Жұматаев және тағы да келген аудан тұрғындары.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Шиелі ауданы Көкшоқы мөлтек ауданы» сарқынды суды бұру қызметі бойынша 2022 жылдың I-жарты жылдығы бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.

(Баяндамашы: А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше бастығы).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директоры - Б. Бакишев тыңдауды ашты.

А. Сарсембаев - күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша 2022 жылдың I-жарты жылдығы бойынша Шиелі ауданы Көкшоқы м/а тұрғындарын сарқынды суды бұру қызметі бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесіне қарасты Шиелі кенті, Көкшоқы мөлтек ауданының - **3 411 халық саны, 1 214 абоненті** 2018 жылдың 29 желтоқсанында өндірістік бөлімшеге қосылды.

Көкшоқы мөлтек ауданында оқшауланған **2** дана су ұңғымасынан ауыз су беріледі. № 1-2 ұңғымадан көтерме насос станциясына дейін - **2,5** км, соның ішінде **1** км ПЭ құбыры және **1,5** км темір құбыры d-159 мм жүргізілген. Ұңғымадан су қоймаға жиналатын **2** дана су қоймасы **2 x 250 м³** көтерме насос станциясында орналасқан.

Көкшоқы мөлтек ауданының жалпы ауыз су пайдаланушы абонент саны- **1 214**, халық саны- **3 411** адам, су желісінің ұзындығы - **19,2** км.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу, комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылғы 23 маусым №51-НҚ бұйрығымен сарқынды суды бұру қызметіне, оның ішінде орташа босату тарифі-**153,05** теңге ҚҚС-сыз, халыққа-**45,09** теңге ҚҚС-сыз, бюджеттік мекемелерге - **159,02** теңге ҚҚС-сыз, басқа да тұтынушыларға - **197,93** теңге ҚҚС-сыз, «ҚазАтомПром» АҚ мекемелерге - **637,58** теңге ҚҚС-сыз тариф және тарифтік сметасы бекітілген.

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы Шиелі ауданы Көкшоқы мөлтек ауданында № 1-2-3 канализациялық насос станциясы орналасқан. Көкшоқы мөлтек ауданы бойынша 2022 жылға I-жарты жылдыққа нақты шығарылған сарқынды су көлемі **33, 336 мың** текше метр. Көкшоқы мөлтек ауданында **745** тұтынушы, оның ішінде халық **734** тұтынушы, **4** бюджеттік мекеме, **7** заңды тұлға сарқынды суды бұру қызметін пайдалануда.

2021 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның берген **523,0** млн. теңге қаржысына жобаның **1-ші кезеңі** жұмыстары 2021-2022 жылдары атқарылып жатыр, оның ішінде:

- 1) 1 дана кәріз-тазарту станциясы құрылысы ;
- 2) 2 дана кәріз-сорғы станциясын орнату;
- 3) 1 дана сыйымдылығы 300 м³ су қоймасы құрылысы;
- 4) 1 дана сыйымдылығы 150м³ су қоймасы құрылысы;
- 5) 5,1 шақырым кәріз желісі құрылысы.

Бүгінгі күнге 5,1 шақырым кәріз желілерінің құрылысы атқарылып, кәріз-тазарту станциясы мен сыйымдылығы 300 м³ және 150 м³ су қоймалары салынып отыр.

2022 жылдың I-жарты жылдығы бойынша әр ай сайын жұмысшы-қызметкерлердің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігі, электр және техника қауіпсіздіктерін сақталуы мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырды. Барлық насос станцияларында өрт қауіпсіздігі тексерілді.

Шығып сөйлегендер:


«Казсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директоры Б. Бакишев «Шиелі ауданы Көкшоқы» м/а саркынды суды бұру қызметіне 2022 жылдың I-жарты жылдығы қорытындысы бойынша бөлімшеде атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы уақытта ұжымға табыс пен ауызбіршілік тіледі.

Қорытынды:

«Шиелі ауданы Көкшоқы» м/а саркынды суды бұру қызметіне 2022 жылдың I-жарты жылдығы қорытындысы бойынша бөлімшеде атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Б. Бакишев

Хатшысы:



Г. Есжанова